



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2017 ЖЕЛТОҚСАН

Өткен айлардағы негізгі үрдістер, (ж/ж):

- Барлық базалық салаларда өсу қарқыны біртіндеп қалпына келуде (5,2%)
- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (7,1%)
- Мұнай өндірудің өсу қарқыны шамалы баяулауда
- 2017 жылдың қаңтар-қазанында экспорт 31,6%-ға, ал импорт 15,8%-ға өсті
- Нақты жалақы төмендеді

I. ИНФЛЯЦИЯ

2017 жылғы желтоқсанда айлық инфляция 0,7% деңгейінде қалыптасты.


2017 жылғы желтоқсанында **азық-түлік тауарларының** бағасы мерекелерге байланысты 1,1%-ға қымбаттады. Әсіресе көкөніс, жеміс-жидектер, жұмыртқа, ет және балық өнімдеріне, кондитерлік және алкоголь өнімдеріне бағалардың өсуі байқалды. Әлемдік сұраныстың нашарлау аясында және ірі әлемдік өндірушілердің ұсынысының артуына байланысты қанттың бағасы төмендеді. Дәнді дақылдардың бағасы біршама төмендеді.

2017 жылғы желтоқсанында **азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы 0,5%-ға өсті. Бағаның өсуі қатты отының ішкі ұсынысының төмендеуі, сондай-ақ киім мен аяқ киімнің өсуіне байланысты болды. Мұнай өңдеу зауыттарында жөндеу жұмыстарын аяқтау және ұсынысты қалпына келтіру нәтижесінде бензин бағасы төмендеді.

Ақылы қызметтер 0,3%-ға қымбаттады. Бағалардың ең көп өсуі әуе көлігі қызметтеріне, мейрамханалар мен қонақ үйлерге, сондай-ақ шаштараз қызметтеріне байланысты болды. Тұрғын үй-коммуналдық қызметіне бағалар төмендеді.

2017 жылғы желтоқсанында жылдық инфляция 7,1%-ды құрды. Азық-түлік тауарлары мен ақылы қызметтер бағаның динамикасы кейбір өсу көріністерін қоспағанда, инфляцияға жалпы әсерін тигізді.


Халықтың инфляциялық күтулері Ұлттық Банктің нысаналы дәліздің жоғары шегіне жақын (2017 жылғы желтоқсанында 7,1%) қалыптасады. 2017 жылдың 4-ші тоқсанында жылдық инфляция динамикасы кәсіпорындардың көпшілігінің (68,4%) үміттеріне сәйкес болды, бұл тұтыну бағалары ағымдағы бағамен өсетін болады деп күтуде. Ұлттық Банк болжамы бойынша 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% нысаналы дәліз ішінде қалыптасады деп күтуде.



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)


ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша туынды ІЖӨ көлемі 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте нақты көрсеткіште 4,3%-ға ұлғайып 35,1 трлн. теңгені құрады.

ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (11,4%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (6,0%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,7%-ға), көтерме және бөлшек сауда (3,0%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,4%-ға) көлемінің ұлғаюы.

ІЖӨ 2017 жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша **түпкілікті пайдалану әдісі** 4,2% деңгейде сақталуда.


Көрсеткіштің ұлғаюына шикізат тауарларының әлемдік конъюнктурасының жақсаруы аясында таза экспорттың өсуі оң үлес қосты. Нақты ақшалай табыстың және айлықтың мөлшері төмендеуіне байланысты жалпы қорланым азайып, ІЖӨ-ң өсуіне жағымсыз әсерін тигізді.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2017 жылы қысқа мерзімді экономикалық индикатор* 105,2%-і құрады.

Экономикалық барлық базалық салалары өсумен сипатталды, сумен жабдықтауды қоспағанда.

Қысқа мерзімді индикатордың өсуіне әлемдік шикізат нарығындағы бағалардың өсуі, үй шаруашылықтардың шығыстары ұлғаюы, негізгі капиталға инвестициялардың және өнеркәсіп саласын қаржыландырудың көбейуі оң әсерін тигізді.


5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор



* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Өңірлік бөлікте **Атырау облысы** индикатордың көлеміне орай (117,5%) жетекші орын сақталуда. Көрсеткіштің артуы Қашаған кенінде өндіретін шикі мұнайды өндірудің өсуіне, сонымен қатар көтерме және бөлшек сауданың көлемі артуы нәтижесінде ұлғайды. Атырау мұнай-химия зауытындағы жөндеу жұмыстарының аяқталу салдарынан құрылыс жұмыстарының көлемдері төмендеп, көрсеткіштердің өсуіне теріс үлесін қосты.

Жыл бойы мұнай қордың таусылуы нәтижесінде көрсеткіштің қысқаруы **Қызылорда облысында** (2010 жылдың ішінде 0,8-ға) белгіленген. Ауыл шаруашылықтың және жаңа өнеркәсіп нысандарының өсуіне қатысты құрылыс оң үлесін қосты.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

Өнеркәсіп саласы 2017 жылдың қорытындысы бойынша 7,1%-ға өсті.

Тау-кен өндірістің көлемдері 9,3%-ға өсті (2016 жылы 2,7%-ға төмендеді). 2017 жылдың қазанынан бастап темір мен металл кендерін және түрлі-түсті металл кендерін өндірудің көлемдері қысқаруынан, сондай-ақ шикі мұнайды өндірудің көлемдері баяулауынан саладағы өсу қарқыны баяулады.

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс 5,1%-ға өсіп, шамалы баяулаумен сипатталады (2016 жылы 0,7% өсті). Өңдеу өнеркәсібіне кіретін топшалардың тұтасында өсудің баяулауы белгіленген. Саладағы оң үрдісі алдымен металлургия өнеркәсіптегі, сондай-ақ машина жасау және жедел өнеркәсіптегі өндірістің көлемдері ұлғаюы қамтамасыз етті.

2017 жылы **жүк айналымының** жалпы көлемі 7,9%-ға өсті (2016 жылдың қаңтар-желтоқсанында 0,5%-ға өсті). 2017 жылы көлікке кіретін барлық түрлері тұрақты өсумен сипатталды (теңіз және жағалау көлікті, сондай-ақ басқа да құрлықтағы көлікті қоспағанда). Ең көп өсім әуе, теміржол және құбыр көліктердің қызметтерінде белгіленген.


2017 жылы **құрылыс жұмыстардың** өсімі 1,9%-і құрады (2016 жылы – 7,9%). Шымкент қаласындағы мұнай-химия зауытын жаңарту шегінде жүргізілетін құрылыс-монтаж жұмыстары әсерінен сала ұлғайды. Сонымен қатар автомагистральдар мен жолдарда, инженерлік ғимараттарында және тұрғын ғимараттарында құрылыс жұмыстарының едәуір көлемі саланың ұлғаюына оң әсерін тигізді.

Мал шаруашылықтағы (3,9%-ға) және де дәнді дақылдардағы (2,2%-ға) жалпы көлемдердің өсуі **ауыл шаруашылықтың** 2,9%-ға ұлғаюына (2016 жылы – 5,4%) қамтамасыз етті.

Сауда саласы 2017 жылдың қорытындысы бойынша 3,2%-ға өсті. Бөлшек сауда сұраныстың қалыпты өсуіне байланысты 6,3%-ға артты, ал көтерме саудасы шикі мұнай сатудың көлемдері көбею нәтижесінде 1,5%-ға өсті.

Байланыс саласы 2017 жылы 3,3%-ға өсті. Ең жоғары өсім Интернет қызметтерде белгіленген.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бизнестің оң күтулерінің болуы және экономикадағы инфляциялық процесстердің тұрақтануы нәтижесінен инвестициялық белсенділік жылдың басынан тек оң серпінділікпен сипатталды. 2017 жылы негізгі капиталға инвестициялар 5,5%-ға өсті (2016 жылдың қаңтар-желтоқсанында өсуі 5,1%).

Әлемдік нарықтағы мұнайдың бағасы қымбаттануына байланысты негізгі капиталға инвестициялардың 55%-і өнеркәсіп саласына жіберілді. Өнеркәсіп саласындағы 50% шамасында шикі мұнай мен газды өндіруге тиесілі. Инвестициялардың елеулі үлесі көлік саласына (14,1%) және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (13%) берілді. Өңдеу өнеркәсібінде инвестициялардың көлемі 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,7%-ға өсті. Белгіленген өсім кокс пен мұнай өнімдерге және тамақ өнімдерін өндіруге инвестициялардың ұлағаюы әсер етті.

Ауыл шаруашылықты қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде ауыл шаруашылық саласы жылдың басынан 29,3%-ға өсті.

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 73,0%, ал сыртқы инвестициялардікі 27,0% болды.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.

Инвестициялардың ең көп ағымы Атырау облысында (28%-дан астам), Астана (11%) мен Алматы (7%-дан астам) қалаларында орналасқан кәсіпорындарға жіберілді.

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

Ұлттық Банк нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген пікіртерімдердің шегінде респонденттер айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың ішінде өнімге сұраныстың жеткіліксіз деңгейін, кірістің жеткіліксіздігін, басқа кәсіпорындар жағынан нарықтық бәсекелестікті, қаржылай қаражаттың жеткіліксіздігін және Қазақстан экономикасының жай-күйін атап өтті.

жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2017 жылғы қаңтар-қарашада сыртқы сауда айналымы 25,1%-ға (экспорт 31,6%-ға, импорт 15,8%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 2016 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 38,2%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 41,6%-ға ұлғайды. Бұл әлемдік шикізат нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына, сондай-ақ Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемінің артуы негізделді.

ЕО елдері (үлесі 50,7%), Қытай (үлесі 12,0%), ТМД елдері (үлесі 16,9%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,7%.


2017 жылғы қаңтар-қарашада импорт бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Импортта елеулі үлес химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 21,2%), машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 14,9%), сондай-ақ металдар және олардан жасалған бұйымдар (өсім 6,4%) құрайды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 41,7%), ЕО елдеріне (үлесі 19,3%) және Қытайға (үлесі 16,1%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2017 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Өзбекстанда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2017 жылғы 3-тоқсанда 2017 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Армения және Украина). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Әзірбайжан мен Тәжікстанда тіркелді. Әзірбайжанның ІЖӨ-сі 2-тоқсанда теріс аймақта болды.




VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2017 жылғы үшінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халық 0,2%-ға азайды (2017 жылғы екінші тоқсанда өсім 0,7% болды).

Экономика салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың өсімі саудада (3,1%-ға өсті) және білім беруде (5,5%-ға) болды. Төмендеуі құрылыста (7,3%-ға), ауыл шаруашылығында (4,0%-ға) және тау-кен өндіру өнеркәсібінде (1,2%-ға) байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Алматы (3,3%-ға өсті), Қызылорда облыстарында (1,7%-ға) және Алматы (2,5%-ға), Астана (4,5%-ға) қалаларында байқалды.


2017 жылғы қазанда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 134,6 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі төмендеуде. 2017 жылғы үшінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,9%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде – 22,6%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2017 жылғы үшінші тоқсанда үлесі 68,7% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2017 жылда бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 1,4%-ға ұлғайып, 149,9 мың теңгені құрады.

Салалар бөлігінде 2017 жылғы 3-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (24,7%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (16,1%-ға), ауылшаруашылығында (9,1%-ға), ақпарат және байланыста (2,7%-ға) тіркелді.

2017 жылғы 3-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атырау облысында (275,8 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (98,1 мың теңге) тіркелді.


2017 жылғы 3-тоқсанда нақты жалақы 2,0%-ға азайды.

2017 жылғы 3-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 4,5%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім өнеркәсіпте (12,1%-ға өсті), құрылыста (8,7%-ға), ауылшаруашылығында (6,5%-ға) және байланыс саласында (7,9%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (ауылшаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша